

# ҒЫЛЫМИ МЕНЕДЖМЕНТ МЕКТЕБІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.



**МЕНЕДЖМЕНТ  
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Курс:Медбике ісіндегі  
менеджмент  
Топ:63 бакалавриат  
Студент:Шайхыбек Акерке**

# Жоспары:

- **I.Кіріспе**

Менедмент туралы жалпы түсінік

## **II.Негізгі бөлім**


1. Менеджмент эволюциясы
2. Ғылыми басқару мектебі, 1885 – 1920
3. Басқарудың классикалық немесе әкімшілік мектебі

## **III.Қорытынды**

- XX ғасырға дейін ұйымды жүйелі басқару жүйесіне байланысты сұрақтар ешкімді қызықтырмады, дегенмен XIX ғасырдың басында Роберт Оуэн өзінің көп уақытын ұйымның мақсаттарына басқа адамдардың көмегімен жету мәселелеріне арнады. Тұрақ – жай беріп, жұмыстың жағдайын жақсартып, қосымша еңбекақы төлеп, материалды өңдеушілікті дамытты. Қоғамның дамуы жүйелі басқаруды талап етті. Англияда өнеркәсіптік революция басқаруға деген қызығушылығы артырады. 1911 жылы **Фредерик Тейлордың** «Ғылыми басқару принциптері» еңбегі жарық көрді. Басқарудың ғылыми пән ретіндегі дамуы алға қадам жасауға әкелмеді.
- Басқарудың теориясының жетістігі басқа математика, әлеуметтану облысындағы білімдердің жетістіктерімен байланысты болады.

## Менеджмент эволюциясы


Еңбектік қызметті ұйымдастыру жүйесі – менеджмент ғылым ретінде АҚШ-та XIX-XX Ғ.Ғ. пайда болды. Осы кезеңдегі менеджменттің негізгі бағыттары (мектептер):




**Гильберт және т. б. ғылыми басқару мектебі (1885-1920)**  
еңбектің ұтымдылығы, материалдық қызығушылық тиімділігінің жоғарылауына әкеледі



**Файоль, Вебер және т. б. классикалық мектебі (1920-1950)** – басқарудың жан-жақты принципі;



**Маслоу және т. б. адамдық қатынастар мектебі (1930-1950)** – адамдар арасындағы қарым – қатынастар;



**Аржирис, Маркерттің іс-арекет мектебі** – психологиямен әлеуметтану негізінде адамдық потенциалды максималды қолдану;



**Винер, Аккофаның көлемдік мектебі** – оқиғаларды компьютерлі математикалық үлгілеу.



## Ғылыми басқару мектебі, 1885 – 1920



Мектептің көрнекті өкілдері – **Фредерик Тейлор**, Френк және Лилия Гилберт. Классикалық мектептің негізін қалаушы болып Фредерик Уинслоу Тейлор саналады. Тейлорға дейін еңбек өнімділігін жоғарылату қозғаушысы «пәндік» принцип болды – қанша жасасаң, сонша аласың. Дегенмен бұл амал XIX ғасырдың басында өзінің қызметін жойды. Өнеркәсіптің дамуымен қоса басқару осындай қарапайым негіздеме алмады. Тейлор еңбекті жеке жұмысшының өз талқылауы алмастыратын көптеген заңдар мен формулаларды, ережелерді шығаратын және статистикалық есеп, өлшеу олардың қозғалысы арқылы тиімді пайдаланатын еңбекті ұйымдастыруды ойлады. Тейлордың пікірін орындаушы өндіріс процесін толығымен игеруге жағдайы келмеді, әсіресе, ол үнемі өзгеріп тұратын қозғалыс. Осылайша ғасырдың басында басқарушының рөлі орындаушы не істейді, қалай істейді, қандай көлемде істеу керектігі туралы шешумен негізделді.



Тейлор орындаушының жұмысын құрамды өліктерге бөлді. Бөлік қозғалыстарды хронометрлеп, ал жұмыс күндерін секундтармен белгіледі.



Ф.Тейлор ұсынған әдісті қолдана отырып жұмыс күйінде 12,5 тонна жүкті тасымалдайтын жоғары маманды жүк тиеуші 47 тонна салмағы бар жүкті тасымалдады.



Тейлор тәжірибеде жұмысшының өз жұмыс күнінұзақ уақытта ұтымды жіберуін анықтап, жұмыстың белгілі біркөлемін тапты.

**Тейлордың теоретикалық жұмыстарын ережелерге сәйкес, неміс әлеуметтанушы Макс Вебер талдаған, негіздеген қатаң тәртіп жұмыстың неғұрлым тиімді әдісі болып табылатындығын негіздеді.**

**Бөлек құрамды элементтерге жіктелінген жұмыс – қатаң регламентация мен бақылауға негізделген Тейлор-Вебердің теориясына негізделген қозғалыстар .**

**Классикалық мектеп үшін арнайы сағаттар – микрохрономерт және кинокамера арқылы Ырэнк және Лилия Гилбертзерттеулері бір үлгідегі болып табылады және ол сағаттар еңбекті ұйымдастыру 17 кол саусақтарының элементарлы қозғалыстарына негізделгендігін сипаттады.**

# Мектептің басты негіздері:

Ғылыми менеджменттің әдістемесінің алғашқы фазасы жұмыстың мазмұнын талдау және оның негізгі компоненттерін анықтау болды;

Жұмыс операциялары оның неғрлым тиімді орындалуына жетуге байланысты өзгеріп отырады;

Бұл операцияларды шығару нормалары құрылды;

Жұмысшылардың өнемділігінің молаюы мен өндірістің көлемінің өсуіне қызығушылықтарын ынталандыру мақсатында қоладнылады;

Жұмысшыларды оқытуға көп мән берілді;



- Басқарудың классикалық немесе әкімшілік мектебі



- **Басқарудың әкімшілік мектебі (1920-1950) пайда болуынан бастап мамандар ұйымды басқару тәсілдерін жетілдіруді үнемі іздестіруде болады.**
- **Бұл мектептің авторлары үлкен бизнес саласында басқарудың жоғарғы деңгейінде бас-шы болып көп еңбек тәжірибесін өздері жинағандар.**

A vertical list of seven empty rectangular boxes, each preceded by a light blue circle, likely for notes or answers.

## Мектептің артықшылықтары

- Басты назарын қызметкерлерді басқаруға, оның ішінде әкімшілік кадрларға аударды
- Жетістікке жеткізетін басқару принциптерінің жүйесін жасауы
- Классикалық мектептің мақсаты басқарудың әмбебап қағидаларын қалыптастыру болды
- Ұйымның жалпы сипаттамасы мен заңдылықтарын анықтауға ұмтылып, ұйымға кең перспектива тұрғысынан қарауға тырысты

## Мектептің кемшіліктері

- Басқарудың әлеуметтік аспектілеріне назар аударылмауы
- Ұйымдағы адами фактордың ескерілмеуі
- Ғылыми әдістерді қолдану арқылы емес, жеке тәжірибе негізінде жаңа жұмыс түрлерін меңгеру



# Анри Файоль

✓ Анри Файоль (1841-1925ж.ж) мамандығы бойынша тау инженері болды.

✓ Ол бар ғұмырын “Камомбо” атты француздық таулы-металлургиялық синдикат компаниясында жұмыс атқарды. Алғашында инженер болды, кейіннен басқармада қызмет етті.

✓ 1886-1918 ж.ж аралығында синдикат директоры қызметін атқарды.

Анри Файоль - тау инженері, теоретик және менеджмент практигі, басқарудың классикалық мектебінің негізін қалаушы

## Классикалық (1920-1950) Әкімшілік мектеп

(«ғылыми менеджерлеу мектебі») кез келген ұйымды басқаруға принциптерін әзірлеуге ұмтылды.



**Файоль әкімшілік зерттеу орталығын ашты және оны өзі басқарды.**



**Файоль “Почетный легион” және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды. Сонымен қатар жоғары ғылыми лауазымдарға ие болды.**



**Файоль басты назарын әкімшілік функция ретінде қарастырған басқару процессіне аударды.**

# А. Файольдің негізгі еңбектері



✓ Файольдің басты еңбегі – 1916 жылы жазылған және СССР-да (1923ж) А.К.Гастевтің алғы сөзімен қайта шығарылған "Общая и промышленная администрация" кітабы. Ол өзінің *"Общая и промышленная администрация"* атты негізгі еңбегінде әкімшілік қызметін талдаудың жалпы тәсілдемесін жасауға талпынды. Оның пікірі бойынша, әкімшілік өзіне мына функцияларды құрамақ: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, кредиттік, есептік-бухгалтерлік, әкімшілік.

✓ "Принципы научного управления", 1911 ж.



“...басқарушының қызметтік дәрежесі жоғары болған сайын, оның техникалық біліміне қарағанда ұйымдастырушылық біліктілігі жанына серік болады”

Осыдан Файоль басқару қағидаларына және басқаруға оқытуға қажеттілік барлық жерде бар деді, және бұл пәннің өз уақытында техникалық оқу орындарында жүргізілмегеніне өкініш білдірді

# Басқару функциялары

**1. Жоспарлау**

**2. Ұйымдастыру**

**3. Басшылық ету**

**4. Координациялау**

**5. Бақылау**



# Әкімшілік басқару

## жүйесі

Файоль 6 бағытта көрсетуге болатын әкімшілік қызмет сферасын атап өтті

1. техникалық

2. коммерциялық

3. қаржылық

4. қорғау

5. есептік

6. әкімшілік

# Қорытынды

- ❖ Анри Файоль менеджмент тарихында “менеджмент атасы” болып табылады. Оның жұмыстарының жан-жақтылығы ерекше назар аудартады.
- ❖ Файоль “менеджмент және әкімшіліктендіру ғылыми тұрғыдан зерттелуі керек” деген Тейлордың ойын дамытты.
- ❖ Анри Файоль (1841-1925) практикалық тәжірибені жинақтау негізінде мынадай қортындыға келді: “басқару-кәсіпорынның мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, оны белгілі бір мақсатта жетелеу”.
- ❖ Ол сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісін ғылыми жолымен ұйымдастырудың принциптерін қолдану мүмкін екендігіне алғаш рет ой жүгіртті.

# Дереккөздер

«Маркетинг және менеджмент негіздері» С.  
Сатыпалдыұлы, Б. Байтанаева

<http://referaty.kz/node/3628>

<http://bigox.kz/baskarudagy-klassikalyk-nemese-akimshilik-mektebi/>

<https://www.topreferat.com/Материал/2325-Басқару-теориясы-және-менеджмент-негіздері>

**Назарларыңызға  
рахмет!**